

ӨМІРМЕН ӨЗЕКТЕС ҒЫЛЫМ ИЕСІ

Күләш Оразбекова ғылым әлемінде өз «жұлдызы» бар ғалымдардың іргелісі (Әбіш Кекілбаев).



Қазақ психологиясының тылсым-парасатына, сезім-күдіретіне ойларын түйіп оның сыйқырлы болмысын ашып елге жеткізуге қызмет еткендер жетерлік болғанымен, ғылыми тұрғыда көрсетуге ұмытылған ғалым Оразбекова Күләш Айтмолдақызы. Оның бұл жолда төккен тері мына алдымызда жатқан 2008 жылы жарық көрген «Ұлттық психологияның» 3 томынан байқағанымыз мол күш жұмсалғаны анық. Мұндай кітапты тек өмірді көрген ар намысы таза жүрегі халық деп соғатын кісінің қолынан келетін іс. Бұл кітапты туған еліне махаббаты зор, туған жеріне ғашық, туған тілін сүйетін жан жаза алады. Өйткені Ұлттық психологияның авторы жәй адам болуы мүмкін емес! Ол еліне ат үсті, жеріне қыйғаш, тіліне бойкүйездікпен қарамаған соң осындай кітап жазды.

Бұл кітапты жазуына себеп болған нәрсе: халқына уайымы «ұлы» болған-ау. Ұлтына жаны ашыған ғана «Ұлттық психологияны» жазады. Кітаптың басты мазмұны адалдықты қарапайым шынайылықты көрсетіп тұрса, халықтық әдептілікпен оны игеруде жұмсайтын күш әр қашанда таза пәк болу керектігін анық жеткізген.

Психологияның жеке адам басына, шағын топқа, бүкіл халыққа сырын жеткізу жолдары ғылыми тұрғыда өте жақсы қарастырылған өз пікірін психологияның өзінің үлгілеріне әдемі қабыстыра білген. Күләш Оразбекова ұлттық психологияның озығы мен тозығына сыншыл көз қарас пен қарай отырып, эстетикалық принциптерін айқын анық көрсеткенін аңғарамыз.

«Ұлттық психологияның» - 1 томы 10 (он) бөлімнен тұрады. Мұнда автор қазақ халқының психологиясы «Қазақ-ұлт», «Ана тілі – ұлттың жаны», «Жер ұлттың - анасы», «Салт-дәстүр - ұлт қазынасы», «Дін-тәнге дәрі, жанға шипа» т.б. бөлімдерінде өмірдің өзіне қажет нәрседен ауытқуы тіршіліктегі келеңсіздіктен сақтану жолдары жайлы толғанған. Мұндай жауапкершілігі зор іске тек «елім» деп еңіреген ғана барады. Дәл осындай кітап жазу үшін ұзақ

өмір сүруші емес өмірдің қиыншылығын көп көргендігімен бастап кешкені телегей теңіздей болып одан жүзіп шыққан жан жазатынын екiнiң бiрi бiле бермейтiнi бар. Тiршiлiктегi таусылмас қайшылықтар жайлы толғанбаған жандар менiң алдымдағы томдарды жазады дегенге сенбеймiз. Кiтапқа қарап отырып осындағы сөздердiң бәрiн Күлаш Оразбекова басынан қалай кештi екен демеске амалымыз жоқ!

«Ұлттық психологияның» басты қаһарманы адам. Адам арқылы психологияның бет бейнесiмен пердесiн жақсы үлгiде көрсеткен. Осы орайда белгiлi ақын қыз, *Фарица Оңғарсынованың* сөзi: «Күлаш Ұлттық сипаттағы тәрбие жаршысы, дегенi есiме түстi. «Қазақстан әйелдерi» журналындағы Күләш туралы *Фаризаның* сөзi рас!

Күләш Республикалық, облыстық педагогикалық оқуларда, Алматы №2, №9 мектеп-интернаттарында, №12, №19 орта мектептерде, Ақтөбе Талдықорған мектеп-интернаттарында арнайы сабақ жүргiздi. Сонымен бiрге, мәдени-психологиялық проблемаларға арналған ғылыми-танымдық еңбектерiне енумен бiрге, арнайы көптеген радио, телехабар әңгiмелерi зерттеу жұмысының тақырыптарына үндес жүргiзiлдi. Автордың озық тәжiрибесiн насихаттау жөнiнде екi кiтап шықты. Бiрi: «Ұстаз психологиясы» (1990), екiншiсi «Алтын арна» (1998). Екi журналист жазған. Бiрiншiнi *М.Жаманкулов*, екiншiсiн *Д. Нурмағамбетов* белгiлi журналистер.

К.А.Оразбекованың көптеген оқулықтары мен көмекшi құралдары оқу министрлiгiнiң бекiтуiмен жоғары және орта бiлiм алу орындарының оқу үрдiсiне енгiзiлiптi. Иман және инабат (жоғарғы оқу орындарына). Ата дәстүрi әдеп – болашақ игiлiгi (мектепке). Алтыжасарларды оқытып тәрбиелеудегi дидактикалық ойындарының рөлi (мектепке). Дидактикалық ойындар I, II бөлiм (мектепке). Бастауыш класс оқушыларына интернационалдық тәрбие беру жолдары (мектепке). Психологические особенности учебной деятельности в ситуации русско-казахского двуязычия (разработка 30 уроков) (мектепке). Студенттердiң предпрактика күнделiгi (жоғарғы оқу орындарына). Әйгерiмнiң кiтабы (балабақшаға). Отбасы психологиясы (балабақша мен жоғары оқу орындарына арналған еңбектер, пiкiр жазған ғалымдардың ойларынша жастар тәрбиесiне зор үлесiн қосатын еңбектер. Осы мақаланы шығарарда тағы бiр керемет сұранысы көп «Иман және инабат» деген кiтабы шықты. Күләштiң еңбегi мол және ол ұлттық тәлiм-тәрбиемен, ұлттық психологияның жаршысы, деп айта бередi *Фарица* мақаласында. Ал оның «Ұлттық психологияға» арналған кiтабына ғалымдар былай деген: *Профессор Момынбаев Байзак К.* Құрметтi әрiптестер. Бiрiншiден Москвадағы Бiлiм Академиясының президентi Н.Д. Никандровтың сәлемiн сiздерге жеткiзуге рұхсат етiңiздер. Шынында да Оразбекова үлкен қызмет атқарған. Ол қабырғадағы үлгi-модельдерiнен де айқын байқалып тұр. Мен Каирде, Бұхарада болғанда медресенiң кiре берiсiнде Құран сөздерi жазулы тұр. Оның тәрбиелiк мәнi зор екен. Мен айтар ем, мына Оразбекова Күләш Айтмолдақызының, мына жердегi схемаларының iшiнен әсiресе, мына 6-7-iн бiздiң мектептердiң кiре берiсiне iлiп қойса, үлкен әсер етiп, жастар тәрбиесiне игi ықпалын тигiзер едi. Тәрбиелiк жағынан да, ұстаздарға көмекшi құрал

ретінде де өте құнды, қажетті нәрсе. «Ұлттық психологияның» практикалық-методологиялық жағы да өте мығым. Ұзақ жыл бойы көп жұмыс істеген адам ғана мұндай нәтижеге жете алады. Сіздің еңбегіңіз өте мол. Сіз бұны енгізуіңіз керек. Бұл жұмыс енгізіліп, үлгілері мектеп қабырғасына ілініп қойылса, тәрбие түзелер еді.

Ал *Дайрабаев Е.* профессор *Ы. Алтынсарин* атындағы Қазақтың білім академиясының ғылыми советінің мүшесімін, әдіскер-мұғаліммін. *К.А. Оразбекованың* жазған еңбектері маған етене жақын. Өйткені мен өмір бойы бала оқытып, тәрбиелеп келген адаммын. Ал енді осы оқулықта қазақтың салт-дәстүрін дәріптеп отырғаны өте орынды. Бір мысал, қазақ халқы әйел адамды өте бағалаған, оның ақыл-кеңесіне құлақ асқан. Осы орайда *Күләш қалқам «Анам келін болған жер, әкем күйеу болған жер»* дегенің көңілге қонымды, өте жақсы тәрбиелі сөз. Баяғы V ғасырда Римнің кіре беріс қақпасына «өзінді-өзің таны» деп жазып қойыпты. *Күләш шырағым*, сіз қазақтың өзіне-өзін танытып отырсыз, осы отырған аудиторияға танытып отырсыз, енді өзіңіздің халқыңызға танытасыз, ұрпағыңызға, студенттер мен жалпы оқырманға танытасыз. Сіз өте көп қиыншылықты бастан кештіңіз. Тіпті жемқорлар мен сыбайлас топ, шала мамандар тақта отырған сіздің пара бермегеніңіз үшін докторлық диссертацианың тақырыбын төрт рет өзгертіп қорғатпау әрекетіне еңсеңді түсірмей, психикалық күйзеліске жол бермей бесінші рет жазып Қазақстанда қорғалған бірінші, ең жоғары деңгейдегі еңбек деп бір ауыздан құптауға ие болған, кезінде *Цезарь Львович* айтқандай «Казахский батыр» *Куляш Айтмолдановна*, победила всех завистников и недругов побеждая каждый год на социалистическом соревновании. Шынында да батырлық, басқа біреу болса ішіп кетеді, ауруға шалдығады, не өледі, ондайды көзіміз көрді. *К.А. Оразбекованың* бұл «Қазақтың ұлттық психологиясы» көп жылдан бері мектеп пен университеттерде, ата-аналар мен көпшілік қауым алдында оқыған лекцияларының және бұрындары жарық көрген «Ата дәстүрі әдеп, болашақ игілігі», «Иман және инабат», «Тіл үйрену психологиясы», «Педагогикалық – предпрактика», «Отбасы психология» сияқты т.б. оқу құралдарының негізінде жазылған. *Оразбекованың* көптеген оқулықтары мен көмекші құралдары оқу министрлігінің бекітуімен жоғары және орта білім алу орындарының оқу процестеріне енгізілді: Бұл әрине қуанарлық іс, мысалы, ағылшын жастары ең әуелі өзі тұрған көшенің, жердің тарихын, сонан соң аймақтың, қаланың, сонан кейін барып Ұлыбританияның тарихын, оқуға кірісетін көрінеді. Ал, біз тарихты білуді ең алдымен ежелгі Грек жұртынан, әлемдік тарихтан бастадық. Олай болса, біз де ұлағатты ұлы елге тарихтан өз халқымыздың тарихын терең зерттеп, ата-баба мәдениетін оқып-үйренуді бірінші орынға қоюымыз абзал, деп ғалым *Оразбекова К.А.* оның нақты жолдарын көрсетеді. Қорыта айтқанда, *Күләш* осы еңбегі ұлттық ойлау жүйемізді танып түсінігімізді қалыптастыруда таптырмайтын дүние. Жылдар бойы айтылмай келген, қазақта шет елдермен терезесі тең келер ғылыми ой-тұжырымдардың болғанын, дәлелдеген рухани азық десе де артық болмас.

Психология ғылымдарының докторы, профессор *Б.Хамзин*: «*Күләш* нағыз ғалым осы кезеңге дейін айтылмай келген ұлттық психологияны жаңа

қырынан ашып, көрсетуі жастарымыздың ұлттық салт-дәстүрлерді танып-біліп, ұлттық сана-сезімдерін қалыптастыруда, сөздік қорын байыта түсуде үлкен маңызы бар еңбек болып табылмақ. Бұл «Ұлттық психология» үш том оқырман қауым мен мұғалімдер, тәрбиешілерге жастарды тәрбиелеуде таптырмайтын ғылыми туынды. Сондықтан бұл ғылыми еңбекті оқулық етіп басып шығару жас ұрпақты «2030» бағдарламасына сәйкес тәрбиелеуде, мәдениетін қалыптастыруда, саналы ойлау қабілетін дамытуда үлкен маңызы бар көмекші құрал болмақ. Бұл еңбектің құнды, мағыналы жақтары ер азаматтар бара бермейтін қомақты, жан жақты ұлтын танып сүйетін, қазақтың жан дүниесін өзіне танытатын, адамды тани білуге үйрететін ата-бабалар сара жолдарын, озық үлгі өнегесін, ақыл-нақылын, әдеп-ережелерін, жас ерекшеліктерін, қасиеттерін жанды мысалдармен дәлелдеп берген. Осы уақытқа дейін қазақ психологиясының кейбір салалары жеке-жеке айтылып келді. Оразбекова «Ұлттың қазақтың психологиясын» толығымен, жан-жақты барлық саласын қамти білген қазақ топырағындағы алғашқы еңбек, басқа елдерге де өз ұлтының психологиясын тануға жол ашатын (25 үлгісі), көп ел ғалымдарының қолдауы мен марапаттарына ие болды. Қазақтың алғашқы халық педагогикасы мен ұлттық психологиясының болғанын деректермен көрсетіп, оған тұжырымды мінездеме бере білген. Осыны дәлелдеу үшін ата-баба мұраларынан үзінділер мен мысалдар береді. Ресейдің, басқа да шет елдердің психологиясымен танымдық көзқарастарды салыстыру арқылы үлгілі ойлар айтады. Бұл еңбек болашақ ұрпақтың сана-сезімін, намысын, отанын, елін, жерін сүйетін патриоттарды тәрбиелейтін өте құнды, бүгінгі күнге ауадай қажет еңбек. Күләштің ізденіске толы бүкілодақтық педагогтар съезі мен симпозиумдар да, конференцияларда жасаған баяндамалары Тбилиси (1974), Минск (1988), Баку (1976), Ереван (1975), Киев (1984), Душанбе (1974,1990), Ленинабад (1989), Сыктывкар (1988, 1989), Самарканд (1989), Тула (1977), Москва (1977, 1978, 1979), Новосибирск (1991) т.б. қалаларында жарық көрді. Олардың да мақтау қағаздарына ие болды. Үш томның болашағы зор!

Профессор Хайруллин Г.Т. доктор педагогических наук, профессор Құрметті әріптестер, құрметті қонақтар, құрметті қауым. Сегодняшняя работа – это отрадное явление. Отрадное явление с той точки зрения, что каких-нибудь лет 15-20 тому назад, было бы весьма проблематичным появление работы такого содержания. И вот здесь работа, где речь идет о воспитании и для всех народов бывшего советского союза как бы мы с настойчивой не вспоминали то, время эта работа является показателем того куда мы должны идти. Я хотел бы остановиться только на двух научных результатах из большего числа значимых научных результатов данной работы. Первое автор создает модель национальной личности и в работе обосновывается, что в число значимых компонентов следует включать такие вещи как отношение к своему родному языку, отношение к земле, отношение к труду, отношение к здоровому образу жизни и т.д. Таким образом, я хочу обратить Ваше внимание, что все эти компоненты общепринятые, общечеловеческие ценности. Другой научный результат на котором мне хотелось бы

остановиться это те факторы, которые влияют на воспитание национальной личности. Среди этих факторов диссертант называет религию. И рассматривает основные направления исламской религии, скажем в четырех направлениях и в дести лучах. К тому что она сказала, я хотел бы напомнить только одну вещь, в священных хадисах сказано: «Отправляйся хоть в далекий Китай, если это нужно для получения знания. Ибо приобретение знаний, это «первейшая обязанность (парыз) любого правоверного». И с этой точки зрения я горжусь, что представитель народа принявшего ислам. Я остановился только на этих двух результатах уважаемые коллеги, именно эти два результата (об остальных тоже можно говорить) допускают полный перенос на другие народы и национальности, на другие культуры, вот с этой точки зрения, представляет особый интерес к этой работе. Считаю, что сегодняшнии наш автор Оразбекова Куляш заслуживает присуждения ей любых наград и званий. Благодарю.

Далее смотрим отзывы: За ее плечами большой, педагогический и жизненный опыт, она автор многих публикации по актуальным проблемам обучения и воспитания, в которых отражено содержание данного пособия. Книга К.А. Оразбековой посвящено формированию активной жизненной позиции студентов, молодежи, подготовки их семейной жизни. Она рассказывает о выборе спутника жизни, о том, как лучше всего создавать и сохранять семью, в ней раскрываются причины ссор молодой семье, первые трудности в супружеской жизни и даются некоторые рекомендации по ее преодолению.

Также рассматриваются, какие же черты характера, личностные качества жениха (невесты) оказались наиболее привлекательными при выборе спутника жизни, что является свидетельством их высоких социальных и духовных запросов, в каких семьях воспитывались супруги, об умении рационально вести хозяйства в семье (распределение семейного бюджета, свободного времени и т.д.).

Автор убедительно показывает различные стороны жизни молодежи (студентов), проблемы, с которыми они сталкиваются и которые им предстоит еще решать. Достоинство книги и в том, что откровенно и честно ведется разговор об имеющих их успехов, но и о трудностях студенческой жизни.

Очень убедительно описанна «Возрастная психология казахов начиная с момента зачатия и до ста лет. Приводит яркие примеры предков, в которых даются яркие особенности, способности каждого возраста.

Работа вносит большой вклад в развитие не только в психологическую и педагогическую науку. Куляш Айтмолдановна действительно сделала очень полезную работу для казахского народа прежде всего, и для молодого суверенного государства, написав в трех томах национальную психологию казахов.

Знание национальной психологии поможет пониманию друг друга. Поэтому нам так необходимо с возрождением всего светлого в суверенном Казахстане и возрождение национальной психологии. Так как человек с патологическим сознанием может отрицательно влиять не только на события

в семье, стране, но и во всем мире. Такому человеку необходимо переродиться, возродиться, писали в своем отзыве:

Гамзаев М. Зав.кафедрой психологии Азербайджанского пед.института иностранных языков, профессор доктор психологических наук

Брагина Г.В. Проректор Полтавского пед.института доцент, кандидат психологических наук.

Битибайев М. Старший преподаватель кафедры педагогики и психологии Талды-Курганского пед.института Каз.ССР

Абдурасулов Д. Зав.кафедрой психологии Туркменского ГПИ им.Ленина, доцент

Шодыев Х.Ш. Старший преподаватель кафедры педагогики и психологии Джизаского госпединститута

Подписи тов. Гамзаева М., Брагина Г.В., Битибайев М., Абдурасулов Д., Шодыев Х.Ш., заверяю, 24 мая 1989 года НИИ психологии АН СССР.

Свидетельством выше сказанного отражено в посвящении Куляш ее студентки филологического факультета 1 курса, 1995 г.

Қазақ бабам сөзден шаһар тұрғызған,
Бұл ғылымды ұлы арнаға бұрғызған.
Бабаларым адамзаттың ұғымын,
Жалғыз ғана «жан» сөзіне сыйғызған.
Енді ғана Күләш апайдан түсіндім
Әу-бастан-ақ жан ілімі тұрған-ау биікте
Халқымның көп екен ғой мұралары.
Бұл күнге жетпеген ғой, сірә бәрі
Тәуелсіз, егеменді Ел болғанда,
Шаттанып жаңғыртыңдар жан дүниенді,
Деген Күләш апа тілеуіңе

Мен өзінді қосамын ән-күйіме! депті шәкірті. Яғни Күләштың 1992 ж. №25 желтоқсан «Азия» газетінде шыққан «Жан дүниенді жаңғырт жас ұрпақ!» деген мақаласын оқып, студенті жауап берген сияқты.

Енді АПИИЯ түлегі – *Маханбетова Бақтыгүл Шахзадақызы* естелігінде былай деп жазған: «Білім берген ұстазым Күләш апай Оразбекова 80–ші жылдар студенттері өте бақытты студенттер деп айта аламын, себебі бізге тәлім берген ұстаздар – нағыз білімдегі алпауыттар еді. Жүрегімде орын алған, мен мақтан ететін ұстаздарым көп-ақ. Бірақта ауылдан алғаш келгенде, қаланың тыныс-тіршілігіне жаңа енген сәтте, берер білімімен қатар өмірге дұрыс жол көрсеткен ұстаздарымыздың бірі – ол біздің сүйікті Күләш Оразбекқызы. Апайымызға қарап, әдемілігіне сүйсінуші едік. Апайымыз қаншалықты әдемі болса, жаны да соншалықты сұлу жан екендігіне әрбір студенттермен өткізген сабақтарында көзіміз жететін. Тек нағыз ұстазға тән қарапайымдылығы, жоғары мәдениеттілігі, терең білімділігі бізді өзінің сабағына деген қызығушылығымызды одан әрі арттыратын. Студенттерге оқу жылы барысында барынша қолдау көрсететін апай сынақтар кезінде де өзінің байсалдығымен әділ бағалауға тырысатын. Шет тілдер пединститутында білім алған студенттер есінде ұстазымыздың санамызға ой салар, салмақты ақыл-

кеңестері біздің өміріміз үшін, болашағымыз үшін екенін әрбір уақыт өткен сайын барынша түсіне бастадық. Күләш апай сіздің ақыл-кеңестеріңізбен өмірге дұрыс көзқарас қалыптастыра білуге тырысқан 80-ші жылдар жастарының өкілі ретінде, Ұстаздардың ұстазы – Сізге шәкірттік үлкен ырзашылығымды білдіргім келеді. Ғылыммен айналысқан уақытыңыздың бәрі адамның адам қалпында қалуына арналды. Адамгершілікке бағытталған, жаңа қоғамдағы саналы адамды дұрыс қалыптастыруға бағыт сілтеген еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіз деген тілек бар менде. Әрдайым мерейіңіз үстем болсын, қартаймаңыз, отбасыңыздың, жүрген ортаңыздың сәнін келтіріп, қуанышқа толтырып жүре беріңіз демекпін.

Хаймулдин О. доктор химических наук, профессор. Амансыңдар ма, айналайындар. Осы ғылымның бәрін атам қазақ айтып кеткен. Қазақтың философиясынан мысалы: «бес таяқ» түсіну керек: Ақ таяғым – ақылым, құтпа таяғым денсаулығым, аса таяғым – толғауым, әңгір таяғым – тентегімнің, басына ойнататыным. Біздің жастарымыз жарым ес болды. Сондықтан қазақтың ғылымын жасау керек. Сонда олар ойын баптай біледі, сөзін саптай біледі. Айналайындар, қазақ болатын кез жетті Күләштің «Ұлттық психология» жұмысы нағыз осы сәтте ауадай қажет. Құптау керек, қолдаймыз. Күләш айналайын, өсе бер. Жұмысың істеген еліңе қажет.

Наубаева Хатиза Тәңірбергенқызы І. Жансүгіров атындағы – Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторанты былай депті: Ойламаған жерде кездесіп, тура отыз бес жыл бұрынғы бала шағыммен, мектеп қабырғасындағы бал күндеріммен қайта табысқандай күйге бөлеген сондай абзал жандардың бірі – тек өз отбасының ғана емес, талай жанның ардақтысы, шәкірттері мен әріптестері арасында жеке тұлғалық, адами әсем қасиеттерімен құрметке бөленіп жүрген Оразбекова Күлпәш Айтмолдақызының өмір жолы талайға үлгі-өнеге боларлықтай. Бір көргеннен көзіме жарқ етіп, оттай басылған Күләш апайдың жарқын жүзі талай дүниені еске салып, жан-дүниемді төңкеріп өткендей болды.

Иә, бәрі тура күні кешегідей. Тұлымшағы желбіреп, 5 сынып есігін жаңа ашқан, жүгіріп жүрген жас жеткіншек кезіміз. Орыс тілі пәні сабағы болатын. Аяғының басқан дыбысы да естілместен, биязы, жымпиып қана есік ашқан, ақ жарқын жүзді, балғын жас ұстаз сынып кабинетіне кіріп келгенде, балалықпен бір-бірімізді қуып, мәз-мейрам болып жүрген баршамыз ол кісіні бірден аңғармай қалғанымыз әлі есімде. Сол күннен-ақ Күләш апай өзінің байсалды, жайлы мінезімен, биязы, жұмсақ үнімен, ең бастысы, өз пәнін өте қызықты, ұғынықты әрі тартымды жеткізе білгендігімен жүрегіміздің төрінен орын алған еді. Баршамыз облыстың түпкір-түпкірінен келіп, орыс тілін мандытып біле бермейтін қазақтың қара домалақ балалары үшін ұстазымыз тосындау тілдің қыры мен сырын ашып, сиқырлы бір әлемге әдемі әңгімелер, өлең жолдары арқылы әр сабақты тартымды да қызықты ұйымдастырып, тарта білген еді. Күләш апайдың бір сабағына ұқсамайтын, бір сарындыдылық жоқ, тура өзі секілді ерекше бір әдемі әлем еді. Ұстазымызды үнемі асыға күтіп, неге күнде орыс тілі болмайды, деп ренжуші едік.

Қазір ойлап отырсам, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруді басты парызы санаған жас ұстаз біразымыздың ұстаз мамандығын таңдауымызға өзінің жеке тұлғалық тамаша бір қасиеттері мен адамгершілігі арқылы бағыт, бағдар беріп, өз үлесін қосқан екен. Өйткені, әсіресе қыз балалар, сол кісіге қарап, бой және ой түзеп, үлгі тұтып, ұлы Абай «Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз» дегеніндей, «Шіркін, үлкен болғанда Күләш апайдай ақылды болсақ, әдемі болсақ!» деп армандаушы едік. Қызығы Күләш Оразбекова Қазақстандағы кіші футбол командасын ұйымдастыруы. Оны үлкен ұлы Қайрат басқарып өзі қаржыландырып талай кубок пен алтын медаль иегері болып көрермендерін қуантып жүр. Ал Күләш апай президенті болып шығарып отырған «Pro Sport» елге танымал. Шындығында журналда әңгіме-сұхбат ретінде айтылған өсиет, ғибрат, өнегелік-тәрбиелік журнал. Тәлім – тәрбие берерлік әлем тарихында бар журналдардың бірі. Өйткені асыл президент таба алған, тауып қана қоймай асылдығы мен абзалдығына бола өз Перзентін өзі Пір тұтқан халық киелі. Ал ондай ұлдарын қастерлеген ел өзі де өлмейді. Журнал президенті Күләш апай осы журнал сөздерінің идеясының негізінде жас ұрпақты өзінің қазақ мемлекетін нығайта түсуге, даңқын артыра түсуге шақырады.

«Pro Sport» - күнделікті тіршілігімізде жанға рух, денеге қуат, көңілге қуаныш беретін сарқылмас өмірлік құрал болсын. «Pro Sport» сөздері бізге адамгершілік пен ізгілік сеуіп, салауатты өмір салтын құрып, игі әсер етумен қатар, Қазағымыздың көк туын спорт сайыстарында әлемге көтеріп мемлекеттік тәуелсіздігіміздің символы, ел егеменділігінің алтын дінгегі болсын! Еліміздегі бейбітшілік пен татулықтың береке бірліктің куәгері болсын! дейді. Күләш Оразбекова алғы сөзінде. Тағы бір кереметі Қайраты «Туған жерге туыңды тік» - дегендей қаңырап қалған Жансүгіровтегі қант заводын Франциядан мамандар мен жабдықтар әкеліп, жастарды үйретіп заводты іске қосып, халқына қант беріп жатыр. Талдықорғанның беделін көтеріп, шет елге танымал болды. Завод десе тұрғындар Күләш апайдың ұлы Қайратты қосады, мақтан етеді.

Журналист *Раушан Аязқызы Даулетбекова* «Түркі әлемі» №8,9 (90) 2009 жылғы сұқбатында: *Күләш апай, әңгімені ең әуелі сіздің қажылыққа 25 рет баруыңыздан бастасақ. Дұрыс айтасыз, әңгімеміз Алла Тағалымызға тағзыммен басталса одан зиян шекпеспіз, жамандық көрмеспіз. Өмір бойы еткен еңбегімнің зейнетін көрсем, қиыншылығымның арты қуанышқа ұласса, бір кездегі тапшылық көрген өмірдің берекелі дәулетін көрсем, тірнектеп өсірген ұлдарымның азамат болғанын, менің ғана емес елінің азаматы болғанына марқайсам, еңбегімді елім елесе, дұшпанымнан досым көп болса, шаңырағыма шаттық орнаса оның барлығы бір Алланың, Жасаған Иеміздің күдіреті дер едім. 25 рет қаражатымның көптігінен емес. Меке, Мадинаға әр елден келген қазақтардың психологиясын байқап, бізде жоғын олардан іздеу, табу мақсаттарында бардым.*

Сізді тылсым дүниенің ақиқатын дәлелдейтін бірнеше оқиганы бастан кешіпті дейді ғой. Алғаш рет осыдан 15-20 жыл бұрын «Көк базардың» жанында кездестім. Яғни, қаланың көпшіліктің арасында қайыр сұрап отырған

әбден қартайған, әбіржіген қартқа ешкім мән бермеді. Мен қалтамда қалған тиынымды беріп, кетуге бет алғанымда, асатаяғымен тоқтатып «Қызым тоқта!» сен Калинин көшесіндегі Сатпаев атындағы тастар музейіне бар. Онда кішкентай дүкен ашылды. Сонда жасыл көзі бар, қасқырдың табаны салынған таза күміс сақина бар, соны қымбат демей ал!- деп, жоқ болды. Үйге келген соң ұлдарыма айтып едім, олар өздерінің кішкентай бизнестен машина алуға жинаған ақшаларын алып дүкенге келдік. Расында қария айтқан жүзік дүкен сөресінде тұр. Ұлым сақинаны сұрап еді сатушы әйел ашуланып бермеді. Көрсете, көрсете шаршадым. Ол кішкентай, сыймайды деп. Балам болмады, беріңіз алам деп. Саусағыма киілді, бірақ шешілмеді. Балам алды, қымбат болса да әдемі екен ана деп. Енді мына қызықты қараңыз. Үйге келген соң әлгі дүкенде саусағымнан шешілмеген жүзік, емін-еркін шешіліп, киіліп тұр! Алланың рахымы шексіз, сол жылдардан бастап ісім ілгері баса бастады. Жүзікті анда-санда киіп, өмірімнің ақ тілекшісі ретінде әлі сақтап келемін.

Қайыржан Қажы Макин: Еңбек және қоғам қайраткері. Оразбекова Күләш. Күләш қарындасымды мен 2000 жылдан бері білемін. Сол жылы Мекке-Мединаға қажылық парызымды өтеуге барғанбыз. Күләш бізден бұрын бірнеше рет барған екен. Қажылыққа барған адамдар Алла тағаланың үйінен көрген қабадан және Мұхаммед (сғс) Пайғамбардың туып-өскен жерінен тәбәрік етіп, үйлеріне сыйлықтар алып қайтады. Біз бірінші рет барғандықтан, қаланы, оның сауда базарларын, дүкендерін білмеген соң менің қасымда жүрген Тойкен деген ақсақал екеуміз Күләшқа айналайын, қарындасым, бізге де біраз сауда дүкендерін аралатыңызшы, үйге, бала-шағаға сыйлық алайық, дедік. Күләш бір сөзге келген жоқ, екеумізді 5-6 сағаттай аралатты, біз өте риза болдық. Күләштің ағаларын сыйлағанына кішіпейілдігіне сол жерде жүріп көзіміз жетті, қасиетті жерде ол сауап жасады. Ол құрбандықты өзі шалып, тамақты да сойған құрбанының өзі пісіріп бүкіл елді тамақтандырды, рахметін алды. Айналайын, Күләш қарындасым, сіз осындай үлкен дәрежеге жеттіңіз, ғұлама ғалымсыз. Сізді Қазақстан бойынша халықтар таниды. Құдай сізге денсаулық берсін, бала-шағаның қызығын көре беріңіз, өсе беріңіз, өне беріңіз! Бір сөзбен айтқанда, бақытты, өмірлі болыңыз! деп риза болдық, бақыт құшағына бөлендік, керегімізді алып, көңіліміз орнына түсіп, намазға кеттік.

Иә! Адамгершілік адамның парасаттылығының туы! Сондықтан Күләш Оразбекованың «Ұлттық психологиясы» еңбегінде жазылған ойлар – жинақталған, түйінделген яғни мағынасы толықталған шығарма. Мұндағы көтеріліп отырған мақсат халқының өзге ұлтпен терезесі тең дәрежеде болуымен бірге, көш бастайтын ел болуды қалайтыны айдан анық көрсетіп тұр. Яғни өмір сүретін қауым психологияны өз дәрежесінде қалыптастырмаған жағдайда тағдыр проблемасынан арылып шыға алмайтынын әдемі тәсілдермен жеткізген... «Сондықтан өзге өзінді сыйласын десең «Өзінді өзің танып сыйла» деген бабалар сөзін ұмытпай, тәуелсіздігіміздің арқасында, өлгеннен тіріліп, өшкеннен жанған Асыл мұра, Алтын қазынамызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін, оларды кең пайдаланып, әдебиеттерге енгізіп басқаларда біздің қазақстан ұлттық озық ойларын

пайдаланып, даналарымыздың еңбектерін оқып, біліп әдебиеттеріне енгізуіне қызмет ету қажет-ақ» деп кітабын аяқтаған. Күләш Оразбекованың осы бір ауыз сөзін түсінген жанға қаншама адалдықты игеру мен бірге қайсарлықты көрсету керектігін көрсетіп тұр. Кітапта сонау Адам – Ата мен Хауа – Анамыздың барлық үрім бұтақтарының озық ойлы жандарының дәйектеме сөздерін нақылдарын жөн-жөнімен пайдаланғаны анық көрініп тұр. Онысы өзіне көрік беріп жарасуда... Белгілі ғалым, түс жорудың шебері Әбекең былай дейді: Бірінші, екінші томды оқыған соң: Адамның адамсыз күні жоқ, деген қағида да өмір сүру шарт екенін түсінесіз. Осы бір сөздің астарын түсінген адам жанындағысын қастерлей алмаса қадірлі өмір сүре алмайтынына көз жеткізесіз. Осыны түсінген ғалым профессор Күләш Оразбекова көптің таба алмай жүрген тәрбие сұрағына жауап тауып бергенін көріп қуанамыз. Осы кітаптың дәл ортасында қазақтың дарындыларымыздың асылы М. Жұмабаевтың халқына арнаған дәйектемесін назарымызға ұсынады: Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті, дейді, деген. Ал енді ХХ ғасырдың ірі тұлғаларының бірі Мұстафа Шоқай білім алу, оны меңгеруде ұлттық ерекшелігімізге ерекше мән беру қасиетігін айтады. Халқымыз орыс оқу орындарына түсіп оқыған жастарымыздың орыстанып кетуінен қауіптенгені де рас еді. Біз түркістандықтар орыстану дәуірді артқа тастап, ұлттық құтқару күресін жүргізіп жатқанымызды естен шығармайық. Кеңес мектептеріндегі оқу ұлттық мораль, ұлттық сезім және ұлттық рух үшін қандай үрейлі. М. Шоқай білімділікке қол жетудің басты шарты – адамның ұлттық рухының күшті болуына байланысты дейді. Онысын рас дейміз біздерде. Күләшпен Тула қаласында Л.Толстойдың 190 жылдық мерей тойына 2018 жылдары бардық, Күләштің баяндамасы конференцияға әр мемлекеттен келген қатысушы ғалымдарға өте ұнап, оған Толстойдың ордені берілді. *Генерал, академик Әбекең Нұрманов.*

Заманымыздың өркениетінің дамуына Әл-Фараби бабамыздың мына бір сөзін жадымызда тоқып алуымыз керектігін құлақ ассақ жаман болмас едік. Егер адамға тәрбиеден бұрын білім мен ғылым үйретсек онда олар қоғамды сөзсіз апатқа ұрындырады, деген аса көргенділікпен өсиет қалдырғанын айтады. Бұл дұрыс! Осыны бір нақыл сөзден тәрбиенің ұлағаттылығын, психологияның ерекшеліктерін ешкімге ұқсамайтын теңеумен жеткізгендігін паш ете отырып, соны қуаттайды. Әл-Фарабидің IX ғасырдың 40 жылдарында ұсынған оқыту әдістері, тужырымдары қазіргі ХХІ ғасырдағы оқыту жүйесінде көрініс тауып отырғанын мақтаныш еткен, Күләш Оразбекова. Бұл әдістеме болашақта да өзгермейтініне дәлел келтірген. Мұндай аңғарымпаздық, байқағыштық, айқындаушылық барша ғалымның үлесіне бұйыра бермесі анық. Психологияның адам қалыптасуына елеулі мәні – тәрбие десек, ғалым профессор Күләш Оразбекова, Ұлтқа психология әдептілігімен өркениетіміздің дамуына әсер етсе онда оның жемісі әр қашанда жақсы жағынан көруге болады, деген ойды жеткізуде. Адам ғұмырында психология тіркестікпен өмір сүретінін біле тұрсақта ұтқыр оймен әдемі теңеулермен

